

№ 6 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС ОТЫРЫСЫ



Өткізілген уақыты: 25 мамыр 2026 жыл

Түрі: дәстүрлі

Тақырыбы: «2025-2026 оқу жылының қорытындысын шығару:
талдау, қорытындылар, перспективалар»

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ

ХАТТАМА №6

Өткізілген уақыты: 25 мамыр 2026 жыл

Түрі: дәстүрлі

Тақырыбы: «2025-2026 оқу жылының қорытындысын шығару: талдау, қорытындылар, перспективалар»

Мақсаты: оқу жылын талдау және қорытындылау.

Келесі жылға міндеттер мен басым бағыт қою:

- келесі оқу жылына арналған негізгі бағыттарды белгілеу;
- жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын бекіту.

Барлық педагогтар саны: 6

Қатысқан педагогтар саны: 6

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КҮН ТӘРТІБІ:

1. №6 педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау.
2. 2025-2026 оқу жылындағы жұмыстың нәтижелілігі, 2025-2026 оқу жылындағы жұмысты талдау.
3. Балалардың даму мониторингін талдау. Мектепке дейінгі ұйым мамандарының 2025-2026 оқу жылындағы қызметі жөнінде есептері.
4. 2025-2026 оқу жылына арналған мектепке дейінгі ұйым қызметінің негізгі бағыттарының жобасын анықтау.
5. Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын бекіту.
6. Мемлекеттік аттестация бойынша мектепке дейінгі ұйымының өзін-өзі бағалау нәтижелерімен таныстыру.
7. Педагогикалық кеңестің шешімі.

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша балабақша басшысы №6 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы бойынша сөз сөйледі.

ШЕШІМ:

1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелінсін.

2.ТЫҢДАЛДЫ:

Екінші мәселе бойынша, барлық педагогтер 2025-2026 оқу жылында жүргізген жұмыстары бойынша қорытынды есеп берді. Педагогтер топтатағы бала санына қатысты ақпарат берді. Тәрбиешілер өздерінің жұмыс жасаған бағдарламасын айта келе, ай сайынғы мерекелік іс-шараларға тоқталды. Мамыр айында жеңіс күніне орай тәрбие сағатын, ата-аналар жиналысын өткен.

Шешімі: Балабақша педагогтерінің 2025-2026 оқу жылындағы қорытынды есебі қанағаттанарлық деп есептелінсін.

3. ТЫҢДАЛДЫ:

Үшінші мәселе бойынша, тәрбиеленушілерінің мектепке дайындық деңгейі бойынша тест қорытындысымен таныстырды.

Шешімі: балаларының мектепке дайындық деңгейі анықталып, қорытындысы ата-аналарға таныстырылсын.

4.ТЫҢДАЛДЫ:

Төртінші мәселе бойынша, 2025-2026 оқу жылының мониторинг қорытынды есебін айтты.

Балабақшада меңгеру деңгейі I, II, III тоқсанда жүргізілетін мониторинг қорытындысымен анықталады. 2026 жылдың қорытынды мониторингі мамырда жүргізілді.

Бастапқы, аралық, қорытынды даму мониторингісін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерін айқындайтын жеке даму карталары әдістемелік ұсынымға сәйкес толтырылып, жаз айларында өз жалғасын табатынын айтты.

Бұл мониторинг педагогтардың бала дамуын үнемі бақылауы арқылы оның жетістіктерінің деңгейін ерте жастан бастап анықтау мақсатында жүргізіледі.

2025-2026 оқу жылының қорытынды мониторингінің нәтижесі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын толық орындады.

Шешімі: Балалардың жас ерекшелігіне сәйкес алынған мониторинг қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелінсін.

5.ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша басшысы балабақша тарапынан жасалатын жоспарда қарастырылған мәселелермен таныстырды. Ол жоспар маусым, шілде, тамыз айларына жоспарланып, меңгерушімен бекітілгенін айтты. Сонымен қатар, жаз айларының перспективалық жоспары мен циклограммалары 2026 жылға арналған «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жазғы сауықтыру

жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымына» сәйкес жасалып, сауықтыру формасында жұмыс жасалатынын айтты.

Жаз мезгілінің күн тәртібі, ұйымдастырылған іс - әрекеттің кестесі, топтардың перспективалық жоспарлары мен циклограммалары 2025-2026 жылға арналған «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымына» сәйкес жасалып, ұйымдастырылатынын айтты.

ШЕШІМІ:

1. Балабақшаның жазғы сауықтыру шараларының жоспары педагогтармен таныстырылсын.

2. Балабақшаның жазғы сауықтыру шараларының күн тәртібі, ұйымдастырылған іс-әрекеттің кестесі, топтардың перспективалық жоспарлары бекітілсін.

6. ТЫҢДАЛДЫ:

Мектепке дейінгі ұйымының басшысы Қонысбаева Таңшолпан Викторқызы қатысушыларды білім беру қызметін жүзеге асыру шарттарының сапасы туралы ақпараттың нәтижелері туралы есеппен таныстырды. Мемлекеттік аттестаттау басталғанға дейін бір ай бұрын мектепке дейінгі ұйымының алдыңғы бір оқу жылындағы, яғни 2023-2024, 2024-2025 және ағымдағы 2025-2026 оқу жылына бағалау жүргізілді.

Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі № 114-НҚ бұйрығымен бекітілген көрсеткіштер бойынша мектепке дейінгі ұйымда өзін-өзі бағалау жүргізілгеніне назар аударды.

Көрсеткіштерге сәйкес, аталған бұйрықпен бекітілген 1,2,3,4-қосымшалар бойынша білім беру ұйымдарын бағалау критерийлері мектепке дейінгі ұйымының жұмысы "үлгілі – 5" деп бағаланды.

Өзін – өзі бағалау нәтижелері назарға алыңсын және "үлгілі-5" бағасына дауыс беруіңізді сұраймын.

"иә" - 5,

"қарсы" - 0,

"қалыс қалды" -0.

ШЕШІМІ:

Мектепке дейінгі ұйымының қызмет деңгейі өзін – өзі бағалау нәтижелері бойынша "үлгілі-5" деп бағалансын.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрайымы:

Хатшы:



C. Dosh

С.О. Әлімхан

Duzh

Д.Т. Социализм